

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № а-3/98 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 сәуірде № 4105 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қазандағы № а-10/415 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 03.10.2014 № а-10/415 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 5С 21/6 «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін келісу туралы» шешімі негізінде, Атбасар ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ж . К . Х а м и т о в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Атбасар ауданының әкімі
А т б а с а р а у д а н ы
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 7
қаулысына қосымша

Ж.Нұркенов
әкімдігінің
наурыздағы № а-3/98

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1.	Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
1)	күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.
2.	Білім беру мамандарының лауазымдары:
1)	директор;
2)	меңгеруші;
3)	директордың орынбасары;
4)	барлық мамандықтар мұғалімдері;
5)	әдіскер;
6)	аға вожатый;
7)	музыкалық жетекші;
8)	кітапхана меңгеруші;
9)	кітапханашы;
10)	тәрбиеші;
11)	тәрбиешінің көмекшісі;
12)	медбике;
13)	емдәмбике;
14)	әлеуметтік педагог;
15)	логопед;
16)	педагог-психолог;
17)	алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушысы.
3.	Мәдениет мамандарының лауазымдары:
1)	директор (меңгеруші);
2)	филиал меңгеруші;
3)	жетекші музыкалық (мәдени ұйымдастырушы);
4)	әдіскер;
5)	кітапханашы.